

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Түстер әлеміне саяхат

ЖАРИЯЛАНДЫ
19.02.2018СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/23718/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Даурыкбаева Жамила Усеновна**Тақырыбы:** «Түстер әлеміне саяхат»**Білім беру саласы:**Таным.**Бөлімі:** Қарапайым математикалық түсінікерді қалыптастыру.**Мақсаты:** Балаларға негізгі бес түсті айтып көрсетіп беруге үйрету.
Ақ, қызыл, сары, көк, жасыл.

Балалардың коммуникативтік-ақпараттық құзіреттілігін молайтып, ой- түйсігін қиялын, ойлау қабілетін дамыту. Шыдамдылыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекіліктер мен құрал -жабдықтар: түрлі -түсті ойыншықтар, жүргек мақтасы, ас бояулары, су, ыдыстар, тақта бойынша жұмыс, пішіндер, интерактивті тақта бойынша бейнебаян.

М. Монтесорридің технологиясы.

Билингвальді компонент: Ақ-белый-white

Сәлемдесу:

-Сәлебетсіздерме балалар!

-Здравствуйте дети!

-good afternoon!

Шаттық шеңбер:

Арайлап таң атты,

Алтын шуақ таратты.
Қайырлы таң балалар,
Қайырлы таң апайлар.
Солнышко светит,
Дудочка играет.
Рыбка плывет,
Правым веслом загрибает.
Левом веслом загрибает,
Как птица в небо взлетает.

-Hello hello

-How are you?

-I`m happy happyhappy!

Тәрбиеші: Балалар,қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: күз мезгілі.

Тәбиеші: Күз мегілінде неше ай бар?

Балалар: Үш ай бар.

Тәбиеші: Күз мезгілінің айларын білесіңдер ме? Атап беріндерші.

Балалар: Қыркүйек,қазан,қараша.

Тәрбиеші: дұрыс,өте жақсы.

-Ал апта күдерін білесіңдер ме?

Балалардың жауабы.

Тәрбиеші: балалар біз қазиринтерактивті тақта арқылы бейнебаян тамашалайық.

-Балалар, біз бүгінгі математика сабағында түстерәлеміне саяхатқа барамыз.

-Балалар,сендер мындане көріп отырсыңдар?

Балалар: қорапшаны көріп тұрмыз.

Тәрбиеші: Бұл қораптың ішінде не бар екенін менде білмеймін,мүмкін,қорапты ашу үшін сиқырлы сөз немесе тақпақ айтуымыз керек шығар?

Балалар:

Алтын,сары,қызал,көк.

Алуан,алуан жапырақ,

Күзгі бақта күлімдеп.

Көз тартады атырап.

Таңға жайып сәт: қораптан түстер әлемінің ханшайымы шығады.

Тәрбиеші:

Балалар, біз қорапты тақпақайтып аштық,бірақ қораптан кім шыққанын білмейміз.

Түстер әлмінің хашайымы:

— Сәлеметсіздер ме балалар, мен түстер әлемінің ханшайымымын,балалар сендер бүгін қандай әдемісіңдер.Менің әлемім де өте әдемі,сендер менімен түстер әлемінебарғыларын келеді ме? Онда өте әдемі,түрлі түстерге бөленген әлем.

Балалар:

ия барғымыз келеді.

Түстер әлемінің ханшайымы: олайболса менің сендерге тапсырмаларым бар,осы тапсырмаларды орындасаңдар сендерді түстерәлеміне алып кетемін және менің сендерге сыйлығым бар.Мен бұл тасырмаларды апайға тапсырып кетейін,мені басқа балалар күтіп отырған шығар,көріскенше балалар.

Тәрбиеші:

Балалар,бізге түстер әлмінің хашайымы беріп кеткен тапсырмаларды орындаймыз ба?

Балалар:

ия орындаймыз.

Сергіту сәті**Бірінші тапсырма:**

түсерді ажырата отырып пішіні бойынша санап жинау.

Екінші тапсырма:

түрлі түсті қағаздан гүлді тақта бетіне жапысыру.

Үшінші тапсырма тәжірибелік жұмыс:

жүргек ішіндегі мақтадан, ас бояулары арқылы түрлі түсі жасанды қар жасау.

Тәрбиеші: Балалар керемет, жарайсыңдар тапсырманы толық және дұрыс орындадыңдар. Сендермен енді ойын ойнайық.

Ойын: Кім жылдам?

Шарты: Түстерге қысқыштарды түсі бойынша тез іліп шығу.

Тәрбиеші: Балалар біз сендермен тапсырмалар орындадық, ойын ойнадық. Сендер түстерді ажырата біледі екенсіңдер. Біздің қоршаған әлемімізде түрлі түстер болмаса, әлем әдемі әсем болмас еді, сұр болушы еді.

Балалардың назарын тақтаға аудару: Сендер тақта бетінде нелердің суретін көріп отырсыңдар?

Балалар: Аққаланы, күннің көзін.

Тәрбиеші: Күннің көзі бізге не береді?

Балалар жылу, жарық береді.

Тәрбиеші: Аққаланы қай мезгілде және неден жасаймыз?

Балалар: Қыс мезгілінде, қардан жасаймыз.

Тәрбиеші: Ия дұрыс айтасыңдар, түстер екі түрге бөлінеді, суық түстер және жылы түстер. Суық түстер: қара, қоңыр, көк, күлгін. Ал жылы түстерге: сары, ақ, қызыл, ашық түстердің бәрі жатады.

Қорытынды: Балалар біз бүгінгі іс-әрекетімізде нелермен таныстық? Қане түстерді қайталап өтейікші (түстерді үш тілде қайталау)

Бізге қонаққа кім келді? Зерттеу жұмысында біз нені қолдан жасадық?

Жарайсыңдар балалар! Ал енді бәріміз көзімізді жұмып кемпір қосақты елестетейікші, Сендер бүгінгі іс-әрекетімізде бәрің өте жақсы қатыстыңдар.

Балаларға ауа шарларын беріп марапаттау.